



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ақынды ұмыттыру үшін кеңес өкіметінің жандайшаптары оны алдымен атып өлтірді. Тіптен зираты ұмыт болды. Жазушылар одағында суреті болмақ түгіл, оның атын атауға тыйым салынды. Шығармалары тығулы жатты. Ұрпағы оны ауыздарына алып көрген жоқ. Өйткені оқулықта ол туралы бір жол хабар болмады. Әрине, осындай жағдайда, оның мұтылған екені шындыққа айналды. Оның елден тыс мекеме көтуі – солақай саясаттан қашуы. Алайда, бойын қаншама аулақ салғанмен, оның құрбаны болудан өзге тағдыр Шәкәрімге

бұйырмады.

Мұтылған деген сөздердің астарында ұмытылмайтын мән жатыр. Есте қалатын адам есімі емес, оның ұзақ кешкен ғұмыры емес, Абай айтқандай, артына өлмейтұғын сөз қалдыруы. Осындай жайлар, негізінде, ұмыт болу деген тарихтан, халық санасынан мүлдем жойылу емес. Ел өзінің есін жиган кезінде ұрпағы есіне алатынына сенім білдіру. Сол үшін Шәкәрім өз ғұмырын тиянақты түрде өлең етіп, жазып қалдырған. Бұл ес жинағанда елі ұмыт болғандарды есіне түсірсін деген ниет.

АЛАШ АЗАМАТТАРЫНЫҢ АҚТАЛУЫ

Жабайхан ӘБДІЛДИН, академик:

1990 жылы мен басқарған комиссияға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1930-жылдан 1950-жылға дейін қабылдаған қаулыларын қайта қарап, өдіп бағасын беріп талпынды. Оларды мұқият қарап, қаулылардың барлығы негізсіз, шындыққа жанаспандықтан бұдан былай күшін жоюға дел шештік. Ақтау жұмысын алдымен Ш. Құдайбердіевтен бастайтын болдық. Себебі, оның мәселесі бұрынғыда да бірнеше рет қозғалып, талай басылып тасталған.

Мұқият тексеріліп, оқылған соң, анықтама материалдарымыз Орталық Комитетке өтіп, бюро өткізілетін болды. Сөйтіп көп өтпей бюро басталды. Мен Шәкәрімнің кім екенін, шығармашылығы қандай, халықтың рухани өмірінде алатын орны жайында айтып өттім. Бірлі-екілі сурақ қойылды. «Кім сөйлейді?» дегенде сол кездегі МҚК-нің бастығы В. М. Мирошник орнынан тұрып:

«Анықтама маған ұнамай отыр. Комиссия жүктелген істі атқара алмады. Құдайбердіев ешқандай ағартушы емес, ол – контрреволюционер. Совет үкіметіне оқ атқан. Сол қақтығыста қайтыс болған. Ал, баласы Қытайға қашып кеткен...» – деді.


Комиссия бастығы осылай деген соң, ешкім үндей алмады. Сөзден соң Н. Назарбаев сөз бастап: «Біз неге үндемей отырмыз? Комиссияның бастығы бар емес пе? Сол кісі жауап берсін!»,

ШӘКӘРІМ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ МОНҒОЛ ТАРИХЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Ислам ҚАБЫШҰЛЫ, халықаралық түркі-монғол зерттеу орталығының президенті. Уланбаатор қаласы:

Әлем әдебиетінің төрінен орын алған қазақ халқы-

ның дара тұлғасы, Абайдың шәкірті, ізбасары Шәкәрім



ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ШЫНЫШЫЛДЫҒЫ

Шәкәрім шығармаларын оқыған сайын оның сан-салалығына көзің жетеді. Ол өз шығармалары арқылы қазақ қоғамының рухани өсуіне, жастарды оқу-білімге шақырады. Қоршаған дүниеге, өмірге, табиғат құбылыстарына көзқарастарын білдіріп, пайымдаулар жасайды. Оқырман ретінде, мен Шәкәрім шығармаларының, оның ішінде кейбір дастандарының тарихи шындығына тоқталмақпын.

Атап айтсам - «Қодардың өлімі», «Еңлік - Кебек», «Қалқаман - Мамыр» шығармалары. Қодардың өлімі жайлы М. Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы хабардармыз. Кітапта елдің өсетіне бола, Құнанбай Қодар мен Қамқаны өлтіртікені, ол қатыгездіктен жас Абайдың жаны түршікенін білеміз.

Ал, Шәкәрімнің «Қодардың өлімі» өлеңінде де сол шындықтың барлығы өлеңмен баяндалады. Қодарды барымташы, елдің басы, батыр еді деп суреттей келе, сол Қодардың жалғыз ұлы қаза жетіп, өлгеннен кейін өз келінін алғаны жайлы айтылады.

«Жасырмай айта берсем, сөздің шыны - Құдайға ерегісіп қылды мұны. Баламды алған, мен де алдым келінімді, Қане, ата оғл деп қылдым, - дейді, - осыны».

Осы сөз жайылып, елге тарап, жұрттың бетіне шіркеу болып жүргенде, бір жиында насыбай атапқыш болған Барақ төреге Құнанбай «Насыбай неге атасың, әрі арам, әрі ысырап, бір былғаныш, бұл құрғырда қалайша сертің қалды?» - деген де Барақ: «Мұны көрсен, қойдым деп отқа салды, көрмейсің өз келінін алса да өзі» дейді.

БАР ҒЫЛЫМНЫҢ ТҮН АТАСЫ - ШӘКӘРІМ

тойы ой салған салтанатпен өтті



ақын, жазушы ғана емес,

философ-тарихшы ретінде мәңгілік мұра қалдырды. Біз бүгін оның тарихшылығын айқын айғағы «Түрік, қырғыз һәм хандар шәжіресі мен «Монғолдың құпия шежіресі» арасындағы үндестікке тоқталғанымыз келеді.

Шәкәрім Шығыс пен Батыстың өгілігі ғұламалары: Жүсіп Баласағұнның, Рашид-ад-Диннің, Әбілғазының, Радловтың, Березиннің, Аристовтың, Левшиннің және де қытай-мәнжі, араб, парсы, шағатай тілдеріндегі еңбектермен, Пушкин, Толстой сияқты ұлылардың туындыларымен терең танысқаны дәлелденіп отыр. Ондағы тұжырымдарды саралай отырып, өз шежіресінде қазақтың шығу тегі, оның ру-тайпалары мен көршілес қырғыз, монғол, түрік шежірелерінен сыр шерген Шәкәрімнің 1911 жылы өңбегі қазақ тарихындағы

алғашқы ізденістердің бірі еді.

Шәкәрім түркі-монғол тарихының білгірі ғана емес, орыс тарихынан да хабардар болғаны, «Монғолдың құпия шежіресімен» таныс болуы әбден мүмкін екенін оның шежіресінен айқын байқау қиын емес. Бұрыннан мәлім, Шығыстың жеті жұлдызына кіретін Әбілқасым Фирдоуси, Навои, Қадырғали Жалайри, Дулати кейінгі ұрпаққа, дәлірек айтқанда Абайға үлгі болғандығы анық.

Шәкәрім шәжіресін «Монғолдың құпия шежіресімен» салыстыра зерттеу нәтижесі жер бетіндегі жалғыз белгі Шығыстың атын қасиетті тауымын атап, жалған дағы жалғыз Жошы әулетінен тік өрбітіп, оның кесенесін 8 ғасыр сақтаған қазақ халқының дархандығы Тұран жұртына үлгі болуға тиісті ұлы оқиға.

АРМЫСЫЗ, ШӘКӘРІМ АҒА!

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ, аалым:

Шәкәрім тарихымызға ғана емес, бүгінгіміз бен болашағымызға қызмет етеді. Өйткені ол «сөн қазаққа керексіз» дейтін аяулыларымыздың бірі. Нағыз ақын өзі өмір сүрген тарихи кезеңнің жұртында қалып қоймайды. Шәкәрім туған даласын да жырлады, әлем күйіне де құлап тоқты.

Шәкәрімді біздің бүгінгі өмірімізге жақын тартқызып, дәл біздің тілімізбен сөйлететін тағы бір жөйт - оның шығармашылығындағы интернационалдық өзек. С. Торайғыров жазғандай, Шәкәрім «қазақты жекелеме, адамзат де» деп биік, алыс нысанаға сілтеген. Өзінің осы тұрғыдағы борышын бір етесе, осы Шәкәрім өтесін. Соның бір күсі - аудармалары. Өлеңмен аударылған «Дубровский» повесі қазақ әдебиетінің төл шығармасындай оқылады.

Ұлы ойшылдың өмір соқпақтарын, философиясын, ілім-ғылымын, ақындық мұраларын, сазгерлігін, барлық болмыс-бітімін сан қырынан алып, баяндамалары мен сөздеріне арқау еткендердің, яғни, ғалымдардың түпсіз зерттеулерін газеттің бір бетіне сындыру тіпті де мүмкін емес. Бұл күні ел алдында сөз мәйегін Шәкәрімге арнаған Тазадағы М. Дулати атындағы университеттің профессоры Мекемтас Мырзахметұлының «Алыптар армандаған ар ғылымы», Алматы ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Балтабай Әбдіғазидің «Шәкәрімнің поэтикалық өлемі», шыңжан-

дық (Қытай Халық Республикасы) Жақып Мырзаханның «Шәкәрім Шыңжаң қазақ әдебиетінде» сынды баяндамалары есте тұтар дүниелерді баяндады. Олардың бәрін оқырманға жеткізе алмағанымыз өкінішті.

Түс ауа аяқталған мәслихаттың пленарлық мәжілісінің соңы «Тарих, саясаттану және әлеуметтану», «Педагогика, психология және әдістеме», «Филология, философия және мәдениеттану» атты секцияларда жалғасты. Оларға ата-алып өткендей, Шәкәрімнің барлық ой-санасын бейнелейтін мәселелер өзек болды.

Конференцияның аяқталу тұсында белгілі ғалым,

ШӘКӘРІМ ЕСКЕРТКІШІ

Осы күн - қыркүйектің 12-ші жұлдызы Семей шаһарының жұртының да, мерейтойға әдейілеп келген қонақтардың да есінде ғұмыр бойы сақталар. Ғылыми конференцияға әркім бара алмаса, бұл орынға ертіп-кеш әркім де барып, тәу өте алады. Семейдің ел аяғы тыйылмайтын бір мәдени орны - Орталық саябақта Шәкәрімге мәңгілік ескерткіш орнатылды. Ғұлама қайта өмірге келгендей, алысқа ойлана қарап отыр. Осының өзінде бір ғаламат қуат берерлік тұлғалық бардай Қисапсыз жас-көрі жиналған саябақтағы ескерткіштің ашылу салтанатына қаз-қатар сап түзген қазақ киімді сұлу қыздар мен жігіттер одан ерен сеніргізгендей. Ал, өңшілердің биікте орналасуында да бір кербез сұлу қалып бар.

Мерекеге арнайы келген ҚР-ның Мемлекеттік хатшысы Қанат Бекмырзаұлы Саудабаев пен ҚР Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Жәнібек Кәрібажанов, облыс әкімі Әділғазы Бергенев, Семей қаласының әкімі Мейрамхат Айнабеков мырзаларды ел дуылдасып қарсы алды. Қ. Саудабаев пен Ә. Бергенев оның лентасын қиған соң, ақ жібек жамылғы сусып, түсе берді. Міне, осы тұста Шәкәрім баба тас мүсін емес, өзі келгендей көпшілік қол соға жөнелді. Мемлекеттік хатшы елді мерекемен құттықтап, Елбасының құттықтауын жеткізді.


Осы тұста ақынның, «Бұл ән бұрынғы өңнен өзгерек» атты белгілі ән хордың орындауында Семейдің туыр бұлт көрінбеген аспанын көрней, шалқи жөнелген. Расында да осынау салтанаттың

ЖИДЕБАЙҒА ЖОЛ ТАРТҚАН КӨШ

Еліміздің бар қиырынан, қала берді шетелдерден келген қонақтарды: ғалымдарды, ақындарды, жазушылар мен басқа да өнер адамдарын алып жүрген үлкен көш ұлылар мекеніне салтанатпен сен түзеді. Алдымен Берілдігі ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің мұражайына ат шалдырған көшті өсем кимешек қарсы алған. Жастардың бар қызығы алтыбақан маңында. Қонақтар мұражайды аралап, оның іргесіндегі биік төбеге орналасқан ескерткіш тасқа тәу етті. Ондағы «Мұңлы Қоңыр - туған анам, туған жерім - Берілі» деген ұлы Мұханның габратты сөзі өркімге өрелі ой тастағандай. Бәрі де өткеннің елесті кезеңін көргендей төберісте Ілгері жылжыған келіктерге мініп жатты.

Көштің алдытау бөктерлей жас жігіт пен балауса бой-

Семей мемлекеттік педагогикалық институтындағы Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Тұрсын-Шаңбай осынау ғылыми орталықтың қалыптасуы барысы, ондағы ғалымдардың жетістіктері, алда атқарылар шаруа-жұмыстары туралы кеңінен өңімелеп берді. «Өзім бұған дейін 17 энциклопедия дайындауға қатысқан едім. Көркем сөздің, ойлы ұғымның, көркем поэзияның ұғымдар жүйесін жасаған Шәкәрім бабамыздың «Шәкәрім» атты тұлғалық энциклопедиясына сіздердің баталарыңызды алайық деп отырмыз» деген ғалым-Тұрсынның адал да арлы өңбегінің куәсінен үні жарқылдап шықты. Елеулі өңбекті жұрт дуылдап бағалап, ұзақ қол соқты. Үлкен, өсем энциклопедия қалай қолпаштаса да жарасатын танымдық, тағлымдық дүние екеніне көзіміз жетті.



лысқан. Бұл Шілікті кезеңде «Еңлік - Кебек» драмасын көрсетіп жатқан Мамай атындағы орталық мектептің ұжымы мен Орда ауылының жастары еді. Нанымды ойын сонау қиы замандағы күнсіз тағдырлы жастардың сөзсіз махаббаттарының көрінісін бергендіктен алаулы көңілдер бір сөтке сар даланың мұңын сөзгендей тұнжырай, томсара қалды. Одан әрі алыстан мен мұндағы махаббат бәсігі «Еңлік - Кебек» кесенесі көрінген. Кесене басында дұға оқылған соң қалың ел оның ішіне еніп, ондағы «Көп жасамай көк орған, жарасы үлкен жас өлім» атты Абай сөздерін оқып, бір-бір мұң арқалап шығып жатты.

Жүрек-бауыры жыр мен сырға тұнған Жидебайдағы жыын елді Абай өңдерімен қарсы алды. Автоқондығы сахнада елпақ киімді, кітап ұстаған Абай, қоңыр, ұзын киімді Шәкәрім және ашық, көгілдір киімді, шляпа киген Мұхтар көрінгенде бейне тірі ұлылардың өздері тұрғандай әсер мен сезім биледі. Бұл жердегі үлкен өзгеріс - енді ғана салынып біткен, өсем мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталығы. Оның ашылуының өзі сөз жетпестей әсемдік еді. Қалың ел орталықтың әр үйін аралап

көріп, бұл сыйлығы үшін ел басылығына риясыз алғыстарын жаудырып жатты. Қайсыбір келуші Шәкәрімнің мұражайына, қайсыбірі Абайдың мұражайына бет алса, әнді біреулер аппақ болып, алыстан шақырған амфитеатры бар кесенеге жол тартты. Мұндағы ақшаңқан киіз үйлер, көкке тік ұшқан әр үй сыртындағы түтін иісі өркімді ауыл құдіретіне бас идіргендей. Абай мен Шәкәрім өңдері шырқалған осы жер нағыз тамашаның ордасындай еді. Осы жерде ұлы бабаға арналып қатып түсіріліп, ас берілді. Аңсаған сөзім, сағыныш, ұлы махаббат нақ осы жерде төрбеліп жатты. Халық серуені ұлы Шәкәрімді ақ пөйліңдік бесінде төрбеліп жатты.

Той соңы ала ол туралы академик Рымғали Нұрғали, Шәкәрім өңдерін қалың ел жүрегіне жеткізіп көле жатқан белгілі өнші Келденбай Әлмесекөв, Шәкәрімнің Зияттан туған немересі Мерекке Зиятұлы биік есерлерін жасырмады. «Елге мәңгі өлмеске оралған Шәкәрім тойының ұйымдастырылуына, осындай биік деңгейде өткізілуіне ризамыз» десті олар.

Ақынның мерекесінің соңы әр қашықтықтағы ат бәйгесіне ұласты.

СӨЗ СОҢЫ

Иә, алыс, жақында сауын айтылып, ұлының туыс-жұрағатын, саналы елдің басын қосып, үлкен салтанатта өткен мереке де «құстарға еріп кеткен сағыныштарға» ұқсап, өте шықты. Той өтті, тарқамайтын өсер мен ұлы бабаға деген сағыныш қалды. Мұның өзі де тамаша го! Сағынар, өсиетін сақтар елі барда Шәкәрім баба тұлғалана берері хақ. Ылайым, ұлыларды ұлықтаудан айырмасын Ай мен Күн!

СУРЕТТЕРДЕ: Шәкәрім бабаның мерейтойына арналған салтанаттан көріністер.

Суреттерді түсіргендер В. ТОПОРКОВ, Л. ЧАСНЫҚ, Р. НҰҒМАНБЕКОВА. Өскемен - Семей - Жидебай - Өскемен.



Оқиғаның болған уақытын ақын «мың жеті жүз жиырма екінші жыл» деп көрсетеді.

Қалқаман осы оқиғадан кейін Тобықты еліне өкпелеп, Ұлы жүздегі нағашыларына кетіп қалады. Дастанның соңында қазақ қалмақ соғысынан кейін Қалқаман ізделмей, сол Ұлы жүзде тұрақтап қалды, Қалқаманнан ұрпақ бар деп аяқталды.

Екі дастанда да ру тартысы, қазақтың тұрмысы, өдет-салты суреттеліп отырады. «Еңлік - Кебек» дастанының соңында ақын:

«Қыз, қызық, батыр жазар кезім емес, Жастарды қызықтыраан сөзім емес, Ертегі емес, ертеде болған бір іс, Ойдан жазған, шығарған сөзім емес. Әншейін өңіме деп құлақ салма, Құр ана қызығы мен қызын алма. Ғаділ - залым, шафқатлы - мейірімсіз, Соларды айыра алмай қапы қалма! - дейді.

Әдебиет тарихындағы ғашықтық дастандарда ғашықтарды бір қызға таласқан ер жігіт қапыда өлтірсе, ал, жоғарыда аталған дастандарда бір-бірі сүйген ғашықтарды ер ағалары өлімге байлайды және бұл оқиғалар Тобықты, Найман, Матай руларының ішінде болады. Бір ғана Шығыс өңірінде болған осы оқиғаларды Шәкәрімдей ғұлама қағаз бетіне түсіріп кетуі де кездесетіндігі емес деп ойлаймын.

Өскемен қаласы.

Рауза ИСМУРЗИНА.